

1-БЛОК: Алғашқы әскери дайындық/Дене шынықтыру

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Қазақстан Республикасының рәміздері бекітілді:

- A) 1995 жыл
- B) 1991 жыл
- C) 1993 жыл
- D) 1990 жыл
- E) 1992 жыл

2. ҚР 1-ші Әскери Доктринасының бекітілген күні:

- A) 11 ақпан 1993 ж.
- B) 21 наурыз 2007 ж.
- C) 3 қыркүйек 2006 ж.
- D) 19 қаңтар 1993 ж.
- E) 26 сәуір 2004 ж.

3. Қазақстан Республикасының қарулы күштері қай негізде құрылған

- A) Отан қорғау қажеттілігін сезіну
- B) Өз еркімен тілек білдіру
- C) Әскери міндет және келісім шарт жүйесі
- D) ҚР-ның Президентінің жарлығымен
- E) Еліміздің Парламенті

4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік туы бекітілді

- A) 1996 жыл 18 шілде
- B) 1992 жыл 25 тамыз
- C) 1992жыл 7 мамыр
- D) 1991 жыл 16 желтоқсан
- E) 1991 жыл 30 тамыз

5. ҚР 1-ші кадет корпусы орналасқан қала

- A) Щучинск қ
- B) Алматы қ
- C) Астана қ
- D) Павлодар қ
- E) Семей қ

6. ҚР Қарулы күштері арқылы қорғанысты басқаруды жалпы кімдер жүзеге асырады

- A) Қорғаныс Министрі және әскери Бас штаб
- B) Қорғаныс Министрі
- C) Парламент
- D) Қорғаныс Министрі және Үкімет
- E) Президент, Парламент, Үкімет

7. Қарауыл күзетінде Калашников автоматын оқтағанда, оқты алғанда ұңғының бағыты және градустық бұрышы

- A) 45° - 60°
- B) 40°
- C) 35°
- D) Көпшілікке қарай бағытталады
- E) 30°

8. Қазақстан Республикасының біртұтастығын қорғау

- A) Төтенше жағдай министрлігіне
- B) Кеден қызметіне
- C) Полицияға
- D) Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне жүктеледі
- E) Қаржы полициясына

9. Постыдағы сақшының қаруын арқаға салу жағдайы

- A) Денсаулығы нашарласа
- B) Егер өрт пайда болса оны сөндіру үшін
- C) Күзет объектісіне шабуыл жасағанда
- D) Қарауыл күзеті ауысқанда
- E) Постыны күзетіп тұрғанда

10. 5,45 мм Калашников автоматында соққышқа соққы беру үшін қызмет етеді

- A) Құндақ
- B) Ауыстырғыш
- C) Ұрыстық серіппесімен қоса шүріппе
- D) Ағытқыш ілмек
- E) Автоағытқыш

11. Қарсыласты шайқаста жою үшін автоматқа шабуыл алдында кигізіледі

- A) Сүңгі-пышақ
- B) Тағынды
- C) Қын
- D) Тұтандырғыш
- E) Оқжатар

12. Әскери қызметшілерді жарғы бойынша марапаттау:

- A) Ішкі қызметте
- B) Саптық дайындықта
- C) Ұрыста
- D) Горнизондық және қарауылдық қызметте
- E) Тәртіптілік

13. Қорғаныс пунктінде, МАВ-ды қандай қашықтықта орналасады:

- A) Мандайшепте 250м, тереңдікте 300м.
- B) Мандайшепте 300м, тереңдікте 400м.
- C) Мандайшепте 200м, тереңдікте 250м.
- D) Мандайшепте 400м, тереңдікте 300м.
- E) Мандайшепте 250м, тереңдікте 200м .

14. Шабуыл кезінде тізбектегі сарбаздардың аралығы

- A) 6–4 метр
- B) 5–15 метр
- C) 12–15 метр
- D) 8–12 метр
- E) 6–8 метр

15. Ұңғы қорабы қақпағының қызметі:

- A) Көздеу қашықтығына
- B) Оқты, оқжатарға жөнелтуге
- C) Оқтың дұрыс бағытына
- D) Механизм мен бөлшектердің кірлемегіне
- E) Оқтың ұшу шегіне

16. Қайтармалы механизмнің қызметі:

- A) бекітпе жақтауы мен бекітпені алға ығыстыру
- B) шүріппені атыс дәрежесіне дайындау
- C) оқтыққа оқ жөнелтіп тұру
- D) босаған гильзаны далаға лақтыру
- E) механизмдерді шаң тозаңнан сақтау

17. АК-74 оғының шекті ұшу қашықтығы

- A) 1 км
- B) 3 км
- C) 2 км
- D) 4 км
- E) 15 км

18. АҚ соққышы орналасады:

- A) Бекітпеде
- B) Бекітпе жақтауында
- C) Қайырма механизмде
- D) Газ түтігінде
- E) Қарауылда

19. Оқу орындарында азаматтық қорғаныс іс-шараларын тікелей қамтамасыз ету үшін мынадай басқару ұйым құрылады - ...

- A) қорғаныс ұйымы
- B) қорғаныс бөлімшесі
- C) қорғаныс күзеті
- D) қорғаныс штабтары
- E) қорғаныс методикалық ұйымы

20. Азаматтық қорғаныс шараларын жүзеге асыру үшін шаруашылықтың барлық нысандарында құрылады - ...

- A) әскери емес құрылымдар
- B) күзет құрылымдар
- C) әскери құрылымдар
- D) мұғалімдер құрылымдар
- E) оқушы құрылымдар

21. Оқу орындарында азаматтық қорғаныс штаб басшысы ... болып табылады

- A) күзеті басшысы
- B) методикалық ұйым басқармасы
- C) АӘД мұғалімі
- D) басшысының көмекшісі
- E) басшысының орынбасары

22. Орта оқу орындарында азаматтық қорғаныс негізгі құрамалары - ...

- A) эвакокомиссия
- B) санитарлық посттар
- C) өртке қарсы буындар
- D) байланыс буындары
- E) құтқару топтары

23. Рентгенометр-радиометр ДП-5В аспаптің жұмысқа қабілеттілігі тексеріледі

- A) Қолшам арқылы
- B) Тұтандырғыш арқылы
- C) Телефондағы сытыр арқылы
- D) Детонатыр арқылы
- E) Насос арқылы

24. 1951-1952 жылдары Кореядағы ұрыс қимыдарында АҚШ қандай қаруды қолданды

- A) Реактивті қаруды
- B) Сейсмологиялық қаруды
- C) Химиялық қаруды
- D) Биологиялық қаруды
- E) Ядролық қаруды

25. ... қалаған ғимараттардағы жертөлелер радиацияны 200-300 есе әлсіздендіреді

- A) Топырақ
- B) Металл
- C) Ағаш
- D) Бетон
- E) Тас

26. Адамдардың дем алу органдарын, көзін, бетін биологиялық құралдар аэрозольдардан қорғауға арналған құрал

- A) Жалпы әскери қорғаныш толымы
- B) Серппе
- C) Шаң сорғыш
- D) Ағытқыш
- E) Сүзгіш газтұмылдырықтар

27. Азаматтық қорғаныс жүйесінде ... тұмылдырығы едәуір көп қолданысқа ие

- A) КЯ-57
- B) ПГ-7
- C) Р-2
- D) ГП-25
- E) ПР-90

28. Дене тәрбиесі пәнінің жоспарындағы міндеттер

- A) жаппай сауықтыру
- B) спортты дамыту
- C) білімділік, сапалық, тәрбиелік
- D) тәрбиелік, психологиялық сауықтыру
- E) білімділік, тәрбиелік, сауықтыру

29. Бір жылға сайланатын кеңес

- A) мұғалімдер кеңесі
- B) ұлдар кеңесі
- C) дене тәрбиесі ұжымының кеңесі
- D) қыздар кеңесі
- E) спортшылар кеңесі

30. Суда жүзу үшін ауаның температурасы неше градустан төмен болмауы керек

- A) 10
- B) 20
- C) 18
- D) 12
- E) 14

31. Үсудің алғашқы фазасы

- A) қан тоқырап, тері көгере бастайды
- B) капилляр қан ағуларына жансызданады
- C) тері салқындап, бозарады
- D) тері қызарады
- E) ұйқы басады

32. Шаңғы тебуде кәсіби жарақат болып табылады

- A) сыну
- B) буыны шығу
- C) жауырынмен құлау
- D) созылу
- E) жауырынмен құлау, созылу, буыны шығу

33. Күш жаттығулары нығайтады

- A) ақылды
- B) психиканы
- C) жігерлікті
- D) интеллектті
- E) дене күшін

34. К.Купердің төзімділікке арналған жүгіру тестінің уақыты неше минут

- A) 15
- B) 14
- C) 12
- D) 11
- E) 10

35. Жеңіл атлетикада тірегіш (колода) қолданылатын қашықтықтар
- A) 5000 м
 - B) қысқа қашықтықтар
 - C) ұзақ қашықтықтар
 - D) марафон
 - E) 10000 м
36. Арнайы қысқа қашықтыққа жүгіру жаттығулары
- A) тізені көтеріп жүгіру; старттық колодкаға тұрып алға секіру
 - B) қайталап жүгірулер; бір аяқта секіру
 - C) қысқа қашықтықтарға жүгіру; скакалкамен секіру
 - D) қос аяқтап секіру; қайталап жүгірулер
 - E) ұзақ қашықтықтарға жүгіру; тізені көтеріп жүгіру
37. Ұзындыққа секіру екпіні қалай орындалады
- A) «Фосбери-флоп»
 - B) алмалы-салмалы
 - C) иілу
 - D) сырғыту
 - E) аттау
38. Екпін алу кеңдігі кемінде 4 метрлік жолда орындалатын лақтыру жаттығуы
- A) үлкен допты лақтыру
 - B) кішкентай допты лақтыру
 - C) баскетбол добын лақтыру
 - D) волейбол добын лақтыру
 - E) футбол добын лақтыру
39. Жеңіл атлетика бөліміне жатпайтын жаттығу түрі:
- A) Лақтыру.
 - B) Секіру.
 - C) Жүгіру, жүріс.
 - D) Көпсайыс.
 - E) Бессайыс.
40. Денені бос ұстап, аяқты сәл бүгіп, сол немесе оң аяқты бос ұстауға берілетін пәрмен (команда)
- A) «Бос тұр!»
 - B) «Еркін тұр!»
 - C) «Жай тұр!»
 - D) «Жеңіл тұр!»
 - E) «Түзу тұрыңдар!»

41. Максималды түрде иілген доға тәрізді қалыпта, қол мен аяққа қатар тіреле тұру

- A) шатқа отыру
- B) аумалап түсу
- C) көпір
- D) рондат
- E) сальто

42. Гимнастика сипатына қарай қаншаға бөлінеді

- A) 3
- B) 5
- C) 4
- D) 1
- E) 2

43. Таянып секіру жаттығуын дамытатын қабілет

- A) жылдамдық
- B) төзімділік
- C) күштілік
- D) икемділік
- E) координациалы

44. Су жағдайын меңгеру үшін арнайы ережеге жатпайды:

- A) Кеудемен және арқамен сырғанау.
- B) Суда көзді ашуға.
- C) Су астында тыныс алуды тоқтатуға.
- D) «Қалтқы».
- E) Доппен ойнау.

45. Қолдың ауыспалы алға тартылумен жүзеге асатын әдіс

- A) кроль
- B) брасс
- C) баттерфляй
- D) еркін жүзу
- E) шалқалап жүзу

46. Биатлон қандай қысқы спорт түріне жатады

- A) шана спортына
- B) тұғырдан секіруге
- C) коньки спортына
- D) мәнерлеп сырғанау
- E) шаңғы спортына

47. Шаңғы дайындығына қолданылатын жүріс

- A) Мезгілсіз екі адымды жүріс
- B) Бір мезгілдегі бір адымды жүріс
- C) Жартылай коньки жүрісі
- D) Бір мезгілдегі көп адымды жүріс
- E) Еңіске түсу

48. Барлық ұжымдық қозғалмалы ойындарға тән сипат

- A) топтық
- B) басқарушылық
- C) жарыстық
- D) жалпылық
- E) ерекшелік

49. Балалардың жас шамасына байланысты ұсынылатын ойындар

- A) дәстүрлі
- B) қозғалмалы
- C) ұлттық
- D) олимпиадалық
- E) аймақтық

50. Дене тәрбиесінде қимыл ойындары өткізіледі

- A) қатаң ереже бойынша
- B) ойыншылардың келісімімен
- C) оқытушының таңдауы бойынша
- D) ережесіз
- E) ережені оңайлату

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Жаяу әскердің ұрыс мәшинесіндегі (ЖҰМ) мотоатқыш бөлімшесінің құрамына кіреді

- A) Байланысшы
- B) Гранатаатқыш
- C) Аға атқыш
- D) Взвод сержанты
- E) Бөлімше командирі
- F) Атқыш-зенитші
- G) Механик-жүргізуші
- H) Көздеуші-оператор

52. Тұтандырғыш бөліктерден тұрады

- A) Бірінші жарты шарда
- B) Нысана бергішінен
- C) Қашықтық құрылғысынан
- D) Қашықтықтан шүріппені қайыру механизмінен
- E) Кіші жарты шарда
- F) Детонатор торабынан
- G) Екінші жарты шарда
- H) Сақтандырғыш-түйрегіш механизмінен

53. Ядролық жарылыстың жарықтық сәулеленуі фазалары

- A) Бастапқы
- B) Бірінші
- C) Ортанғы
- D) Соңғы
- E) Жоғары
- F) Екінші

54. Кейбір ірі мемлекеттер Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1925 жылдың 17 маусымындағы Женевадағы «Соғыста түншықтыратын улы немесе басқа да газ тәрізді бактериялогиялық заттарды қолдануға тыйым салу туралы хаттамаға» қол қоюдан бас тартты

- A) Германия
- B) Кеңес Одағы
- C) АҚШ
- D) Италия
- E) Жапония
- F) Қытай

55. Дозиметриялық аспаптардың қабылдау құрылғылары болып табылады
- A) Сәуле камерасы
 - B) Ультракүлгін камерасы
 - C) Инфрақызыл камера
 - D) Протуберанец камерасы
 - E) Газтаратқыш санауыштар
 - F) Ионданған камера
56. Гимнастикалық құралдарда орындалатын жаттығулар
- A) өрмелеу жаттығулары
 - B) арнай жугіру жаттығулары
 - C) би элементтері
 - D) жалпы дамыту жаттығулары
 - E) секіру жаттығулары
 - F) доппен орындалатын жаттығулар
 - H) икемділік, ептілік жаттығулары,
 - G) тартылу жаттығулары
57. Футбол ойын кезінде қызыл карточка алған ойыншы:
- A) келесі ойынға қатыстырылмайды
 - B) келесі 2 ойынға қатыстырылмайды
 - C) ойыннан шығарылады
 - D) келесі 3 ойынға қатыстырылмайды
 - E) келесі ойында қатысады
 - F) ойында жалғастыра береді
58. Баскетболда 8 секундты есептейтін жағдай:
- A) допты ұстап тұрғанда
 - B) қарсылас себеттің астында допсыз тұрғанда
 - C) өз алаңында доппен тұрғанда
 - D) допты ойынға қосқанда
 - E) өз алаңынан доппен шыққан кезде
 - F) айып добын тастағанда
59. Волейбол ойынындағы доптың салмағы:
- A) 260-280г
 - B) 210-240г
 - C) 220-250г
 - D) 200-250г
 - E) 210-250г
 - F) 230-250г

60. Қол добында ересектерге арналған ойын уақыты

A) 25 минуттан екі кезең

B) 45 минуттан екі кезең

C) 40 минуттан екі кезең

D) 35 минуттан бір кезең

E) 20 минуттан екі кезең


F) 30 минуттан екі кезең

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Шабуыл – ұрыстың негізгі түрі. Ұрысқа кіру реті мандайшеп пен терендікке есептелген бөлімшелердің белгіленген аралық және арақашықтықта сапқа тұруы. Мотоатқыш взводі бөлімшелері шабуылға тізбек болып келеді



61. Суретте шабуылдағы мотоатқыш взводдың көрші мотоатқыш взводымен арасы X_5 таңбасымен көрсетілген, оның ұзындығы ... метрге дейін жетеді

- A) 50
- B) 300
- C) 200
- D) 100
- E) 150

62. Суретте шабуылдағы мотоатқыш бөлімшелердің арасы X_2 таңбасымен көрсетілген, оның ұзындығы ... метрге дейін жетеді

- A) 150
- B) 100
- C) 50
- D) 200
- E) 300

63. Суретте шабуылдағы мотоатқыш бөлімшелердің X_1 таңбасымен бөлімшелермен взвод тірек пункті арасы көрсетілген, оның тереңдігі ... метрге дейін жетеді

- A) 100
- B) 150
- C) 50
- D) 300
- E) 200

64. Суретте шабуылдағы мотоатқыш бөлімшелердің шабуыл майданы X_3 таңбасымен көрсетілген, оның ұзындығы ... метрге дейін жетеді

- A) 300
- B) 200
- C) 50
- D) 100
- E) 150

65. Суретте шабуылдағы мотоатқыш взводының шабуыл майданы X_4 таңбасымен көрсетілген, оның ұзындығы ... метрге дейін жетеді

- A) 300
- B) 200
- C) 150
- D) 50
- E) 100

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

1996 жылы Президенттік тест енгізілді. Өткен 2014 жылы тапсырмалары өзгертіліп жаңа Президенттік тест шықты.

66. Президенттік тестімен салыстырғанда Президенттік көпсайысында осындай түрлері жоқ

- A) шалқалап жатып денені көтеру (пресс) және 2000м жүгіру
- B) 100 м жүгіру және қолға таянып денені көтеру(отжимание)
- C) 30 м жүгіру және шалқалап жатып денені көтеру (пресс)
- D) қашықтыққа лақтыру және қолға таянып денені көтеру(отжимание)
- E) қашақтыққа лақтыру және бір орыннан секіру

67. Президенттік тест нені анықтайды

- A) жасөспірімдердің деңгейін
- B) әскери дайындығын
- C) халықтың жалпы дене шынықтыруын
- D) дене шынықтырудың деңгейін
- E) спортсмендердің дайындығын

68. Президенттік тесттің ішіндегісінен спорт түріне жататыны

- A) кермеде тартылу; қолға таянып денені көтеру(отжимание)
- B) лақтыру; орыннан секіру
- C) орыннан секіру; шалқалап жатып денені көтеру (пресс)
- D) 100 м-ге жүгіру; снарядты (доп, граната) қашықтыққа лақтыру
- E) қашықтыққа лақтыру; қолға таянып денені көтеру(отжимание)

69. Президенттік көпсайыс бөлінетін түрлері

- A) күзгі мен қысқы
- B) жазғы мен қысқы
- C) жазғы
- D) көктемгі мен қысқы
- E) қысқы

70. Президенттік тесттің өзгеруі
- A) тапсырмалары өте жеңіл болды
 - B) ережелері қате болғандықтан
 - C) тапсырмалары қиын болды
 - D) тапсырмалары сәйкес келмеді
 - E) тапсырмалары өте көп болды

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.